

М.М. Қосыбаев, Т. Молдабай, Б.С. Жиёмбай

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана, Қазақстан
(E-mail: kossybayev_mmm@enu.kz, talgatmoldabay@mail.ru, zhiembai_bibigul@mail.ru)*

Көне дәуірдегі және орта ғасырдағы қыпшақтардың қалыптасу тарихы

Аңдатпа. Қыпшақтану ғылымы археологтар мен тарихшылардың, шығыстанушылар мен түркітанушылардың бүгінгі күнге дейін жинақталған ғылыми жұмыстары негізінде ғылыми-библиографиялық база қалыптастырды. Мақалада ғылыми әдебиеттер, деректемелік материалдар негізінде ерте орта және орта ғасырдағы қыпшақтардың және қыпшақ тілінің Еуразия құрлығында таралу кезеңдері қарастырылады. Бұл кезеңдерге бөлу негізгі ұстанған критерий осы аймақтағы түрік тілді көшпелілердің саяси және әскери белсенділіктеріне қатысты мәліметтер екені анық. Авторлардың ғылыми ізденісінің негізгі зерттеу объектісі – қыпшақтар және олардың қалыптасу мәселелері. Зерттеу нәтижесінде қыпшақ терминінің қалыптасуы шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан зерделеніп, мағынасы семантикалық тұрғыда талданды, мәндік шекарасы анықталды.

Түйін сөздер: қыпшақ, тарих, көне дәуір, орта ғасыр, қазақ, ғылыми-библиографиялық база.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-232-241>

Түсті: 19.05.2023 / Жариялауға қабылданды: 16.08.2023

Кіріспе

Ішкі ассимиляцияның күшейтілген қарқыны тән Дешті қыпшақ феномені далалық белдеудің барлық бөлігінде және түркі тілдес көшпелілердің шығу тегі бойынша сан алуан мәдениеті мен тілінің жекелеген үндестігі түркі халықтарының этно және мәдени шығу тегі үрдісіндегі маңызды нүктелердің бірі ретінде қызығушылық тудырып келеді. Оның мол тізіліміне қазіргі қазақтар, қарақалпақтар, ноғайлар, татарлар, башқұрттар, қарашайлар, құмықтар, тағы да басқа ұлттардың сеніммен қосуға болады. Қыпшақ тайпаларының әйгілі әскери табыстарының арқасында X-XIII ғасырларда олар өздерінің туы астына Еуразияның далалық белдеуінде өмір сүрген барлық көшпелі тайпаларды топтастыра алды. Тайпалық қыпшақ қоғамының қалыптасуы көне қыпшақтар мен оның құрамындағы басқа да түркі

тілдес көшпелілердің Еуразия далаларына кеңінен қоныстануына мүмкіндік беріп, парсы тілдес көшпелілердің түркілену үдерісінің жалғасуына, түркі мәдениеті мен тілінің басқа да этникалық ортада таралуына септігін тигізді.

Қыпшақтардың әскери күш-қуаты халықтардың бейімделуіне, оның ішінде қыпшақтардың әскери жасақ мәдениеті үлгісіндегі отырықшылыққа бет алуына мүмкіндік берді. Қыпшақ мәдениетінің заттық кешенінің негізгі элементтері оның таралу шегінен де алысқа шықты. Оларды қыпшақтармен тығыз байланыста болған шектес өңірлердің көшпенді әрі отырықшы шаруа халықтары белсенді қабылдады. Сондықтан да қыпшақтардың этномәдениетінің шығу тегін зерделеу көшпелілер әлемінің тарихи дамуының заңдылығын түсіну үшін ғана емес, сонымен бірге ежелгі орта ғасырда дәуірлерге ұласқан көшпелілер мен отырықшы

халықтардың өзара іс-қимылдарының ерекшеліктері аясында барынша өзекті.

Зерттеу әдістері

Мақалада тарихи салыстырмалы-салғастырмалы зерттеуге арналған жалпы ғылыми және арнайы әдістер, нақты айтқанда сипаттамалы-баяндамалы, салыстырмалы, типологиялық, құрылымдық әдістер қолданылып, ерте орта және орта ғасырда қыпшақтардың және қыпшақ тілінің Еуразия құрлығында таралуы белгілі кезеңдерге бөлініп қарастырылды.

Махмұд Қашқари, Ахмет ат-Тыңи, ад-Димашки, Аң-Нувери, Ибн-Халдун, Несеви және тағы басқада ортағасырлық тарихшылар тарапынан қыпшақ (куман) бірлігіне кірген тайпалар ретінде: *токсоба*, *иетиоба*, *бурджоглы*, *ельборили (урбели)*, *кангароглы*, *анджоглы*, *дурут*, *қулабаоглы*, *джартан*, *карабирикли*, *котан (кидань)*, *имак/йемек*, *манкуроглу*, *уз*, *таг*, *башкурт*, *баджанак*, *баджа*, *аль-арс*, *куман*, *куманлу* сияқты этникалық бірліктер көрсетіледі. Ортағасырлық тарихшы Несеви өз еңбегінде қыпшақ бірлігі құрамындағы тайпаларға *йемектер* мен *байауттарды* да қосады. С.М.Ахинжанов өз ізденісінде бұл аталмыш тайпаларға *урандарды/қайыларды (нағыз қимақтар)* қосады. Аталмыш тарихи дәуірде Сырдария өзені маңында өмір сүрген *қаңылылар* да осы қыпшақ бірлігіне жиі қосып қарастырылған [1].

Ю.А.Зуев орыс тарихнамасындағы половец есімдерін талдай отырып, бұл есімдердің тұлғаландырылған этнонимдер екендігін атап өтеді және төмендегідей келтіреді: *кумус/кумуш* (*күміс – манкуроғлының батыс куман нұсқасы болуы мүмкін, негізі камос), *асы* (тарихнамада асупа), *ит* (*ит, тарихнамада – итларь), *ай* (*ай тайпасы, орыс деректерінде аепа), *алтунопа* (*алтын тайпасы), *арсланопа* (*арыстан тайпасы – тарихнамада Ярославнопа), *урусоба* (С.М.Ахинжанов бойынша – *орыс тәріздес – автор орыс өңді мағынасында қолдануда) [1, 103 б.].

Зерттеушілерінің еңбектерін пайымдай келе, тарихи деректер негізінде қыпшақтардың шығу тегіне қатысты

мәселелерді бірнеше ғылыми бағытқа жинақтауымызға болады:

1) қытай жылнамаларында қыпшақтардың аталары ретінде көрсетілген кюйше және динлин тайпаларынан бастау алуы;

2) қыпшақтарды түрік және теле тайпаларының бірі ретінде тану;

3) қыпшақ терминін аллоэтноним ретінде танып, осы негізде қыпшақтарды түрік тілді көшпелі тайпалардан бастау алады деп тану.

Бұл ұсынылған бағыттар жалпы ерте ғасырлар мен ерте ортағасырлардағы Орталық Азиядағы этномәдени жағдайдың күрделілігіне байланысты өзара бір-бірімен қарама-қайшылықтар тудырады.

Осы ұсынылған бағыттар негізінде біз ортағасырлық қыпшақ тайпасының генезисін ретроспективтік тұрғыда анықтауға тырысамыз: *қыпшақтар – түріктер/телелер – хунну/динлиндер/«сақтар» Орталық Азиятайпалары (юэчжи)*. Бұл жерде ғылыми тұрғыда нақты дәлелдей алатын бір байланыс болса, ол да – локалдық (орналасқан орындары) байланыс болмақ. Біздің ойымызша, қыпшақ тайпасының шығу тегін анықтаудағы осы ретроспективті әдіс өзекті әрі үміт күттірерлік болмақ. Ортағасырлық қыпшақтардың тегін анықтау мәселесі бойынша алғашқы көзқарас Мөде шаньюдің (б.з.д. III ғғ.) кюйше/цюйше тайпасына жасаған жорығы баяндалған дерек негізінде жасалды. Қытай тіліндегі *цюйше* этнонимін транскрипцияласақ, *қыйшақ* немесе *қыпшақ* болатындығын алғаш болып Б.Карлгрен ұсынған болатын. Бұл ұсынысты танымал отандық археолог А.Н.Бернштам [2] белсенді түрде қолдайды. Кейіннен бұл пікірге Л.Н.Гумилев, Б.Е.Кумеков секілді ғалымдар да қосылады [3].

С.М.Ахинжанов өз еңбегінде Марвазиге сілтеме жасай отырып, қыпшақтардың құмандармен бірігіп, XI ғасырда Шығыс Еуропаға шыққанға дейінгі көш барысын бақылай отырып, өте қызық мәдени генез сызбасын ұсынады: «*қай-құндар-шарлар-түркмендер-печенектер*» [1].

С.Г.Кляшторный пайымдауынша, «кундар – теле тайпалар одағы құрамына енген түрік тілді, көне түрік тайпаларының

бірі және бірегейі болып табылады. 840 жылы Ұйғыр қағанатының құлауынан кейін олар Моңғолияның шығысынан үдере көшіп, кидандардың ықпалына енген».

XI ғасырдың бірінші жартысында бір топ түрік тайпалары Моңғолия территориясынан кидандардың ықпалымен көшуге мәжбүрленеді. Осы тайпалар арасында *кундар* мен *қайлар* да бар еді. Олар Батыс Сібір, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Жоңғария территорияларына ауып қоныстанады. Бұл жерде олар *шарлармен* (сары түргештердің ұрпақтары болуы мүмкін) және *басмылдармен* бетпелбет келеді. Қараханидтер тарапынан үлкен жеңіліске ұшырағаннан кейін бұл екі тайпа да батысқа беттейді. Бұл көш барысында олар қыпшақтар мекенін басып өтеді және олардың осы қыпшақтармен (бұрынғы сеяньтолар) байланысы қалыпты жағдай еді. Осы негізде бұл аталмыш тайпалар көші Еуропада «*кундар-командар және шарлар-половецтер көші*» ретінде аталады [4, 12 б.].

Бұл көзқарастарды «Юаньши» қытай жылнамасында берілген деректермен сәйкестендіре отырып, бұл тарихи оқиғаны төмендегідей реконструкциялауға болады: бұл тарихи деректе қыпшақ көсемі Кунан туралы баяндалады. Үлкен Хянған тауларының күнгей бетін мекендеген теле тайпалары – *татабы* немесе *байсилер* (оларды *хунь* – **кун/куман* деп атаулары да мүмкін, Венгрияда кумандардың ұрпағын *кундар* деп атайды). Бұлар да *хилармен* (*қай*) бір тайпалық одақ құрамында еді. Шиеленіскен ішкі саяси жағдайлар және кидандардың сыртқы агрессиясынан *байсилер* (*кундар*) *қай* бірлігінен бөлінеді және өздеріне қосылған біраз қайлармен бірге батысқа көш түзейді. Қытай деректері бұл процесті ата қыпшақтардың *Кунан* (*Цюйнянь/Куян*) бастаған көші ретінде таныған.

А.Н.Кононов *қыпшақ, құман, құмық* этнонимдерінің қалыптасуы *qib* түбірінен туындағанын және түрлі фонетикалық-фонологиялық өзгерістерге ұшырағанына тоқталады [5].

Ю.А.Зуев қыпшақтардың *теле* тайпалар бірлігімен және басқа да тайпалармен байланысын жақсы ашып көрсетеді. Жалпы

ол қыпшақ мәселесіне басқаша қарап, өзіндік пікірін білдіреді. Бұл оның «Ранние турки: очерки истории и идеологии» атты монографиялық еңбегінде жан-жақты талданған. Ол Орталық Азиядағы көшпелілер идеологиясының ерте темір дәуіріндегі юэчжейлерден түрік, моңғол көшпелілеріне дейінгі сабақтастығына назар аударады [6].

«Қыпшақ аллоэтнонимді термині осы киені танып, пір тұтқан тайпаға басқа тайпалар тарапынан берілген атау, «половецтер (кумандар, қыпшақтар) құс жолы киесін сақтайды. Сондықтан оларды «*құс жолын танушылар*» ретінде қабылдаймыз». Ю.А.Зуев «жалпы юэчжилік» бұл құс жолы символы *куйан* (*сақ тілінде – уайа – «жарық», «ақ» деген мағына береді*) деп аталған. Бұл образ судың (өзеннің) ақ ағынын білдірген» деп көрсетеді [6]. Ол Орталық Азиядағы ортағасырлық бірнеше *қыпшақ* деп аталған тайпаларды, топтарды бұған дәлел ретінде атап көрсетеді.

Бұлардың ең бастысы бұл XI-XIII ғғ. аралығында Шығыс Еуропадан Шығыс Түркістанға дейін қоныстанған юэчжилердің шығыс тохар бірлігіне жататын, өздерін *коча*(*кхоча*) деп атаған тобы. Бұл топтың алғашқы қоныстанған аймағы Байкал көлінен Үлкен Хянған тауының оңтүстігіндегі Шара-мурэн өзені аралығы болды. Бұл тайпаның атауын ғалымдар *урбе/урбен* түрінде жаңғыртты. Дәл осы топ юэчжилер ғұндар дәуірінде *куйандар* атауымен билеуші тайпа ретінде ғұн мемлекеті құрамына енді. Б.з. I ғасырында солтүстік ғұн бірлігі ыдырағаннан кейін шаньюеге қарасты бұл тайпа *юэбань* (*resp. урбен/урбюн*) деген атаумен танылды. Олардың б.з. I ғасырында өмір сүрген аумағы қытай деректерінде – *хэюнь* деп аталды. Бұл тайпа біздің заманымыздың алғашқы ғасырының басында Орталық Азияға, Үлкен Хянған тауларынан Ертіс пен Туваға (*урбюн* Білге қаған ескерткішінде Чаа холь өзеніне жақын, Улуг-Хемнің сол қолы) дейін қоныстанады. Олардың біраз бөліктері мүмкін Орта Азияға да өткен болуы әбден мүмкін. Бұл үлкен тайпаның баяғы ата мекенінде қалып қойған бөлігі түріктеніп, *теле тайпалар бірлігі* құрамына енеді. Бұлар қытай деректерінде *татабы*

(**tata ara* – сарқырама, биіктен аққан су) немесе *байси* (**ақ ағыс*) түрінде аталған. Бұл этноним көне юэчжилердің құс жолы кие ұғымымен байланысты және *ақ ағыс* мағынасын береді.

Ю.А.Зуевтің пікірінше, кейіннен батысқа қыпшақтардың құрамында көшкен бұл тайпа билеуші тайпа ретінде *урбе/урбели* (кейбір еңбектерде *ельбори, ильбари* түрінде берілген) деп атала бастады. Қытай жылнамасы «юаньши» де цюйняня (кунана немесе куйана) деген билеушісімен бірге тарихи сахнаға шыққан бұл халықтың, кезіндегі юэчжилердің киелі куйан символын өздерінің тарихи-мифологиялық басшысының аты ретінде қайталайды.

Ю.А.Зуев юэчжилердің идеологиялық тұрғыда жалғасы болып табылатын басқа да түрік тайпаларын атап көрсетіп, олардың да қыпшақ болуы мүмкін екендігін атап өтеді. Оның ойынша Тоныкөк ескерткішінде атап өтілген Екінші Түрік қағанатының құрушылары *түрік-ашиде* немесе *түрік-ширлар* осы қыпшақтардың аталары болып саналады. Бұл түрік тілді көшпелілер *едиз* (*туцзюе-седе*) немесе *арслан* (*арыстан*) деген атпен танылып, түрк әлеміне манихей дінінің енуіне үлкен үлес қосқандар [6].

С.Қаржаубай өз еңбегінде көне түрік бітіг мәтіндеріне талдау жасап, осы тарихи кезеңде маңызды рөл ойнаған тайпалардың этномәдени мәселелерін қарастыра отырып, жоғарыда айтылған пікірге ұқсас, бірақ категориялық тұрғыда басқа ойды алға тартады. Оның ойынша, «Біріккен түрік қағанаты» деп аталған Ұйғыр қағанатының билеушілері *ашиделер/аштактар* немесе *едіздер* болатын. Олар осы Могойн Шинэ Ус мәтінінде өздерін *қыпшақтар* деп атаған [7, 41 б.].

Бұл ұсынылған гипотезалар қыпшақтардың және олардың мәдениетінің шығу тегін Орта Азиямен тікелей байланыстырады. Қыпшақ мәдениетінің тегінде теле тайпалық одағы мәдениетінің иісі басым. Олардың өлген адамды атымен бірге көму салты біраз зертеушілердің ойынша, сонау көне Саян-Алтай сақ мәдениетінен бастау алады дегенге саяды [8; 9].

Қыпшақтардыңшығутегіюэчжилармен тығыз байланысты. Басқа мәліметтерге

сәйкес, генетикалық ұқсастықтарына қарап қытай деректері бойынша динлин тайпаларынан шыққан деген ақпарат та бар. Аталмыш авторлардың барлығы дерлік бұл екі этнонимнің бір-бірінен айырмашылығы болса да, археологиялық тұрғыда бір мәдениеттен тарағандығын растайды. Біріншіден, қыпшақтардың теле тайпаларымен байланысы, генетикалық ұқсастықтары сонау Саян Алтай темір дәуірінен бастау алып, *юэчжилерден* немесе *динлиндерден* тараған. Осы негізде бұл этномәдени байланыс бұл аумақта жаңа бір этностың – *қыпшақтардың* пайда болуына жол ашты.

Талқылау

Археологтардың жүргізген зерттеулерін талдай келе, б.з.д. III ғасырдан бастап Оңтүстік Сібірде «тас конструкциялы» мазарлар кеңінен тарала бастағандығына көз жеткізуге болады (тас қорап, сандықтас, топырақ негізді шұңқырдың бетін таспен жабуы түріндегі мазарлар), оның ең нақты мысалдары: Алтайдағы қара-қоба мәдениеті материалдары (В.А.Могильников, А.С.Суразаков), Шығыс Қазақстандағы құла-жорға мәдениеті (С.С.Черников), Тувадағы улуг-хем мәдениеті (А.Д.Грач), Минусинский ойпатындағы тесинский мәдениеттері. Аталмыш аймақтық мәдениеттерін зертей отырып, бұл мәдениеттің б.з.д. I мыңжылдықтың соңында Саян-Алтай таулы аймағы территориясында қалыптасқан жоғары дәрежедегі жүйелі бір қоғамдық бірліктен бастау алатындығын айтуға толық негіз бар. Қолда бар материалдар негізінде бұл мәдениетке тиесілі негізгі белгілерді анықтауға болады: жерлеу рәсімдерінде – мазардың ішкі құрылымында тастардың қолданылуы, мәйітті ешқандай бағытсыз көмуі, мазар басына балбалдар тұрғызбау, жерлеу орны ретінде өздерінен басқа мәдениеттер тарапынан тұрғызылған археологиялық орындар мен қорғандарды пайдалану. Мазарда өлген адаммен бірге көмілген мүліктерде темірден жасалған заттардың міндетті түрде орын алуы, мазардың ғұндарға тиесілі емес екендігі

айқын болғанымен, ғұндарға тиесілі заттай материалдардың орын алуын атауға болады. Деректер негізінде бұл «тас конструкциялы мазарлардың» негізгі иелерінің динлиндер немесе солардың құрамында болған тайпалар тарапынан тұрғызылғандығын сеніммен айтуға болады [10].

П.П.Азбелев Д.Г.Савиновтың айтқан деректеріне Есік көлі маңындағы ескерткіштерді де қосады. Оңтүстік Есік көлі маңындағы Тон өзені бойында өзіндік ерекшелігі бар Туура-Суу және Ачик-Таш мазарлары зерттелген болатын; Мазар тастан қаланған қорап түрінде жасалып сол жақ бүйіріне қарай қосымша бөлме қалдырылған. Бұл бөлмеде өлген адамның мүлкі мен оған арналған тағам адамның шынтағы тұсына қойылса керек. Бұл ерекшелік жергілікті мазар түрлеріне мүлдем ұқсамайды, бірақ бұл ерекшеліктер плиталық мазар мәдениеті мен көне часон материалдарының аналогы болып табылады. Бұл деректер б.з.д. III/II ғасырларда ғұндар тарапынан осы тас конструкциялы мазарлы мәдениет иелерінің жауланғандығы анық. Кейбір турасуй және ачикташ олжалары плиталық мазар материалдарының заттай аналогтары табылған, бұл мазарлардың хронологиясы мәселесін біржола шешуге толық негіз болып табылады. Бұл деректерді жариялаған ғалымдар осы мазарлардан табылған алтыннан жасалған шауып бара жатқан қарақұйрықтың мүсініне қарап отырып, оны «сақ» стиліне жатқызып – б.з.д. I мыңжылдықтың үшінші жартысы деп хронологиясын анықтаған [9]. Дегенмен, бір мүсінге қарап отырып, жалпы ескерткіштің хронологиясын анықтау жеткіліксіз деп есептейміз. Біріншіден, табылған мүсіндердің жалпы олжаларға ешқандай қатысы жоқ және оның бұл олжалар арасында кездейсоқ табылуы әбден мүмкін; бұл мүсіннің бұдан ертедегі үлгілері табылған жағдайда ғана соларға сүйенуге болады. Екіншіден, Есіккөл маңы мазар ескерткіштің қиыр шығыс аналогтары олардың арасындағы байланысты тарихи контексттер негізінде түсіндіруге әбден мүмкіндік береді және өзіндік шешім де ұсына алады. Жалпы бұл ескерткіштерді ғұн дәуірі ескерткіштеріне

жатқызуға болады. Себебі Тяньшань маңы мәдениеттерінің осы уақытқа дейін қандай да бір қиыр шығыс мәдениетімен байланысы анықталмаған. Яғни, бұл мәдениаралық байланыстың ғұн дәуірінде орын алуы әбден мүмкін.

Юэчжилер – б.з.д. I ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Орта Азиядағы көшпелі ең үлкен тайпалар бірлігінің бірі. Бұл этноним бізге б.з.д. III-II ғасырлардағы қытай деректері арқылы белгілі болып отыр. Бірақ Э.А.Грантовскойдың айтуынша, юэчжилер көне қытай мемлекеттері шекараларында VII-VI ғасырлардан бастап белгілі болған [11].

Юэчжилердің қалдырған археологиялық мәдениеті ретінде Таулы Алтайдағы Пазырық мәдениеті танылады [12]. Қазақстан территориясында бұл халықтың қалдырған археологиялық мәдениеті ретінде З.С.Самашевтің зерттеген белгілі Берел мәдениетімен байланыстырылады [13].

Пазырық мәдениетінің Алтайда пайда болуы, А.Д.Грачаның пікірінше Орталық Азияның үлкен аумағына жаға қоныстанушылардың келуімен тікелей байланысты [14]. Бірқатар ғалымдардың зерттеуі бойынша сақ-массагет тайпаларының Орта Азияның шығысына көшуі олардың Ахеменид империясымен бәсекеге түсуіне жол ашты [2; 15; 16]. С.В.Киселевтің пікірінше, массагеттер (юэчжилер) тайпаларының шығысқа жасаған басқыншылығы негізінде Алтайдағы Пазырық қорғандарының өзіндік ерекшеліктері осы Ирандық Ахеменидтік мәдениетінің әсерінен болған [15].

Бұл көзқарасқа Д.Г.Савинов та қосылады, оның ойынша түрік тілді тайпалардың қалыптасуы Орта Азияның бастысындағы ерте темір дәуірі кезеңіндегі В.В.Волковтың атап көрсеткен мәдениеттерімен (бұл мәдениеттерге пазырық және тағы басқа мәдениеттер де қамтылған) тікелей байланысты. Бұл аймақты мекендегендер негізінен европоид нәсілді, «Саян-Алтай типті» қорған тұрғызатын тайпалар болған [8].

Таулы Алтай Пазырық археологиялық мәдениетімен көршілес (юэчжилер немесе олардың көсемі басқарған тайпалар

қалдырған) Тувадағы Саглы (Уюк) мәдениеті В.А.Семеновтың пікірі бойынша қытай деректерінде олардың негізгі қарсыласы ретінде танылған үйсіндер тарапынан танылып, жалғастырылған [17].

С.Г.Кляшторныйдың зерттеуіне сүйенсек, ол кезеңде юэчжилер көсемінің нақты билігінде болған аймақтар Моңғолияның бір бөлігі, Жоңғария, Тарым бассейні мен Хуанхэ өзенінің басы болған [4]. Бұл пікірге атаалмыш аймақтың археологиялық еңбектері арқылы нақты дерек келтіруге болады. Эмма Банкердің дерегі бойынша, б.з.д. IV ғасырға дейін юэчжилер Ішкі Моңғолия территориясында, Ордосқа жақын жерлердеғұндарменкөршітүрған.Бұғаносы аймақтарда табылған пазырық мәдениеті олжаларына ұқсас бетінде жыртқыш жануарлардың айқасы бейнеленген темір тұмарлар дәлел бола алады. Сонымен қатар юэчжилердің Моңғолия территориясына өмір сүргендігін дәлелдейтін таңбалар Моңғолияның Говалтай аймағындағы Цаган-Гол жартастарынан да табылды [20]. Н.В.Кюннердің берген мәліметтеріне сүйенсек, б.з.д. III-II ғасырларда юэчжилердің орналасқан территориясы Наньшань тауынан Тяньшань тауына дейінгі аймақты қамтиды [21]. Юэчжилердің этникалық мінездемесі ғалымдар тарапынан ирандық (скиф-сақ), тохарлық немесе осы екеуін де қамтитын көзқарастарға негізделген [22; 23].

В.В.Иванов тарапынан алғаш рет дуалдық негіз, яғни юэчжи тайпалар бірлігі мен шығыс ирандық тохарлықтардың байланысы негізінде қалыптасты деген пікір айтылды. С.Г.Кляшторный, Б.И.Вайнберг, Э.А.Новоградова, А.М.Мандельштам еңбектеріне сүйене отырып, юэчжилердің солтүстіктегі бөлігі оңтүстіктегі тохар тілділерге қарағанда басқаша, иран тілді болуы әбден мүмкін деген қорытындыға келуге болады [4; 20; 23].

Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында юэчжилер алғаш болып Ішкі Моңғолияда архаикалық көшпелі империяның негізін қалады. Көне қытай жылнамасында «юэчжилер күшті еді және ғұндарды көзге ілмейтін» деп баяндалған [24]. Жағдай ғұн тайпалар бірлігінің басына

Моденің шанүй ретінде келуімен түбегейлі өзгерді. Ол юэчжилерді алғаш рет жеңіліске ұшыратты. Оның бұл саясатын одан кейін таққа келген Лаошань шанүй жалғастырды және юэчжилерді б.з.д. II ғасырдың ортасында Орта Азияға түбегейлі ығыстырды.

Жалпы кушандар хронологиясына қатысты бірден-бір жазба дерек, жалпыға белгілі «Хоу Хань-шудан» (118 бөлім) үзінді: бұл дерек бойынша Кушан хандығын құруда - «Ғұндар тарапынан Юэчжилер талқандалғаннан кейін, олар Дахяға үдере көшті және осы жерде бес княздікке бөлінді, олар: Хюми, Шуанми, Гуйшуан, Хисье және Думи. Осыдан жүз жылдай уақыт өткеннен кейін Гуйшуан князі Киоцзюкю айналасындағы тегі бір төрт княздікті де өзіне қосып, Гуйшуан мемлекетін құрды. Ол алдымен Аньсимен соғысты, Гаофуды бағындырды, Пуду мен Гибиньді жайратып, олардың жерін өзіне қосты. Киоцзюкю үк жылдан астам уақыт өмір сүрді. Оның өлімінен кейін орнына ұлы Янгаочжень таққа отырды және әкесінің жолын қуып Тяньчжуды алып, ол жерге өз қолбасшыларынан бірін тағайындады. Оның билігі тұсында Юэчжилер гүлденген дәуірін бастан өткеруде еді. Оларды көрші мемлекеттері Гуйшуан мемлекеті деп атаса, қытайлықтар қалыптасқан дәстүр бойынша «Үлкен Юэчжи» деп атады [25; 26].

Бұл кезеңде алғаш рет пазырық мәдени ескерткіштерінде ғалымдардың пікірінше түрік мәдени кешеніне тиесілі элементтер кездесе бастайды. Бұл белгілер – өлген адамды атымен бірге жерлеу, қабір шұңқырының солтүстік бетінде көлденеңінен қондырылған тастардың болуы, кіші және үлкен пазырық қорғандарында алғашқы балбалдардың белгілерінің көрінуі, т.с.с. Бұған дейін қабірге көлденең тастар қою салты Байкалдың арғы бетіндегі плиталық қабірлілер мәдениетінде де кездескен еді. Өлімен бірге көмілген инвентарьлар арасында садақтың сүйектен жасалған алдыңғы қасы, эсовидтік формадағы псали, бір шығыршықты ауыздық, шылбыр орамдар, яғни б.з. I мыңжылдығында Саян-Алтай халықтарының қолданған бұйымдары орын алған [8, 83 б.].

Ю.А.Зуевтің пікірінше, мәдени мұраларынан басқа ортағасырлық көшпелілерге юечжиліктердің қалдырған әскери жүйесін де атап өтуге болады. С.Г.Кляшторный юечжи бірлігінің басында бір билеушінің болғанын ғылыми негізде растайды. «Оның жүз мың атты әскері болған. Бұл әскерлер ондық әскери жүйе негізінде құрылған еді. Жүз мыңдық әскер өз ішінде он мыңдық бірлікке бөлінген (тохар тілінде *tumane* – «он мың» дегенді білдіреді). Кейіннен бұл әскери жүйені ғұндар толығымен қабылдайды, олардан түріктерге көшеді (*tumen* көне түрік тілінде он мың әскер), олардан маңғолдар алып өз әскери жүйесіне енгізеді» [4].

С.Г.Кляшторныйдың көзқарасы бойынша динлин ұрпақтары IV ғ. I жартысының аяғында Гаоцзюй тайпаларының этнополитикалық саясатында үлкен рөл атқарды. VII ғ. басында Гаоцзюй аты Қытай хроникаларында басқа атпен, яғни Гаоцзюй тайпалар одағы *теле* сөзімен берілген. Теле этнонимі Қытай транскрипциясында көне моңғол сөзі «tegreg» түрік тіліндегі мағынасы «дөңгелек, шеңбер», сондай-ақ, «арба, арбаша» мағынасын білдірген. Басқа сөзбен айтқанда, қытайлар моңғолдардың ортасынан алып қолданған термин, бірақ аудармасы емес, түпнұсқасы ретінде. Терминдердің ауысуы қытайдың тарихи шығармаларында тан уақытында (618-907 жж.) біріншіде Цзю Тан шу және Син Тан шу, алғашында Гоацзюй ұрпақтарының анықтамасы теле және басқа да атпен және де тайпаның аттары дала конфедерациясының құраушысы болып табылады. Осы барлық тайпаның аты Гаоче «биік арба» ретінде аударылады және басқа Гаоцзюй терминдері қолданылады. Басқа атпен *дили, чиле, тили* сөздері, теле сөзінің басқа фонетикалық нұсқалары болып саналады.

Қорытынды

Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес қыпшақтардың Еуразия құрлығында таралуын бес кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Орта Азия кезеңі («ашық негізді») – мәдени, этникалық тұрғыда қыпшақтардың арғы тегі болып саналатын түрік тілді халықтардың қалыптасуы (б.з. IX ғасырдың ортасына дейінгі);

2. Сарыарқа кезеңі – Қыпшақтардың Орталық Қазақстан территориясына қоныстануы және қыймақ қағандығы құрамына енуі (б.з. IX – XI ғасырдың басы);

3. Орта Азия және Шығыс Еуропаға қоныстану кезеңі – қыпшақтардың жаппай Орта Азия, Шығыс Еуропа мен Кавказға қоныстануы және осы аймақтардағы халықтар мен мемлекеттермен өзара қатынасы (б.з. XI – XII ғғ.);

4. Жошы ұлысы кезеңі – қыпшақтардың Таяу Шығыс, Венгрия бағытында қоныстануы, Дешті-қыпшақ территориясының моңғол империясының саяси ықпалына өтуі (б.з. XIII-XIV ғғ.);

5. Ассимиляцияға ұшырау кезеңі («этно және глотогенездің жаңа бүршігі») – қыпшақтардың жаңа қалыптасқан түрік тілді, қазақ, өзбек, татар, башқұрт, қырғыз және т.б. халықтар құрамында орын алуы (б.з. XV-XVI ғғ.). Осылайша археологиялық мәліметтер мен тарихи материалдар (Қытай жылнамасы, араб, орыс, Еуропалық дереккөздер) негізінде қыпшақ конфедерациясының тарихи-мәдени қалыптасуының басты көріністері танылды.

Қаржыландыру

Мақала AP13068438 «Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі әмбебаптық пен ерекшелік» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 296 с.
2. Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-шаня и Памиро-Алтая. – Москва, 1952. – 348 с.
3. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967. – 504 с.
4. Кляшторный С.Г. Степные империи: рождение, триумф, гибель. – СПб: Филологический факультет СПбГУ, 2005. – 346 с.
5. Кононов А.Н. К этимологии этнонимов кыпчак, куман, кумык // Ural-altaische Jahrbucher. Bd. 48. Wiesbaden, 1976. – С. 156-166.
6. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с.
7. Сартқожаұлы Қ. Объединенный каганат тюрков в 745-760 годах – Астана: Фолиант, 2002. – 204 с.
8. Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1984. – 174 с.
9. Азбелев П.П. Древние кыргызы. Очерки истории и археологии. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <http://kronk.narod.ru/mono/mono.htm> (28.07.2023)
10. Савинов Д.Г. Формирование и развитие раннесредневековых археологических культур Южной Сибири. Автореф. дисс..... д-ра истор. наук: 07.00.06 — археология. Новосибирск: 1987. – 54 с. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <http://kronk.narod.ru/library/savinov-dg-1987.htm> (28.07.2023)
11. Грантовский Э.А. О восточноиранских племенах кушанского ареала // Центральная Азия в кушанскую эпоху. Т. 2. – Москва: Наука. – С. 76-92.
12. Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. – Москва, 1953. – 402 с.
13. Самашев З., Мыльников В. Деревообработка у древних скотоводов Казахского Алтая (материалы комплексного анализа деревянных предметов из кургана 11 могильника Берел). – Алматы: ОФ «Берел». 2004. – 312 с.
14. Грач А.Д. Могильник Саглы-Бажи II и вопросы археологии Тувы скифского времени // СА. – 1967.– № 3. – С. 215-233.
15. Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – Москва: Изд-во Академии Наук СССР, 1951. – 643 с.
16. Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – Москва: 1948. – 352 с.
17. Семенов В. Суглут-Хем и Хайыракан – могильники скифского времени в Центрально-тувинской котловине. – СПб: «Петербургское Востоковедение», 2003. – 240 с.
18. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб: Филол. ф-т СПбГУ, 2003. – 560 с.
19. Кляшторный С.Г. Проблемы ранней истории племени тюрк (ашина). // Новое в советской археологии. / МИА №130. 1965. – С. 278-281.
20. Вайнберг Б.И., Новгородова Э.А. Заметки о знаках и тамгах Монголии // История и культура народов Средней Азии (древность и средние века). – Москва: 1976. – С. 66-74.
21. Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – Москва: 1961. – 391 с.
22. Лившиц В.А. Кушаны: письменность и язык // Центральная Азия в кушанскую эпоху. Т. I. – Москва, 1974.
23. Манделъштам А.М. Происхождение и ранняя история кушан в свете археологических данных // Центральная Азия в кушанскую эпоху. Т. I. – Москва, 1974.
24. Крюков М.В., Переломов Л.С., Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н. Древние китайцы в эпоху централизованных империй. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1983. – 416 с.
25. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Москва, 1950. – 470 с.
26. Зеймаль Е.В. Кушанская хронология (материалы по проблеме). – Москва, 1968. – 186 с.

М.М. Косыбаев, Т. Молдабай, Б.С. Жиёмбай

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

История становления кыпчаков в древности и средневековье

Аннотация. Наука о кыпчаковедении сформировало научно-библиографическую базу на основе собранных до наших дней научных трудов археологов и историков, востоковедов и тюркологов. На основе данной научной литературы и источниковедческих материалов в статье рассматривается распространение кыпчаков и кыпчакского языка на Евразийском континенте в раннем средневековье и средневековье, разделенное на определенные периоды. Понятно, что основным критерием разделения на эти периоды являются сведения, связанные с политической и военной деятельностью тюркоязычных кочевников в этом регионе. Основным объектом исследования авторов являются кыпчаки и проблемы их формирования. В результате исследования образования термина кыпчак широко изучалось зарубежными и отечественными учеными, семантически анализировалось его значение, определялись его семантические границы.

Ключевые слова: кыпчаки, история, древние времена, средневековье, казах, научно-библиографическая база.

М.М. Kossybayev, T. Moldabay, B.S. Zhiyembay

L.N. Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan

The formation history of Qypchaks in the Old and Middle ages

Abstract. The science of Qypchak studies has formed a scientific and bibliographic base on the basis of scientific works of archaeologists and historians, orientalists, and Turkologists collected to this day. On the basis of this scientific literature and source materials, the article discusses the distribution of the Qypchaks and the Qypchak language on the Eurasian continent in the early Middle Ages and the Middle Ages, divided into certain periods. It is clear that the main criterion for the division into these periods is information related to the political and military activities of the Turkic-speaking nomads in this region. The main object of the authors' research is the Qypchaks and the problems of their formation. As a result, the study of the formation of the term kypchak was widely studied by foreign and domestic scientists, analyzed semantically its meaning, determined its semantic boundaries.

Keywords: Qypchak, history, ancient times, Middle Ages, kazakh, scientific and bibliographic base.

References

1. Ahinzhanov S.M. Kypchaki v istorii srednevekovogo Kazahstana [Qypchaks in history of medieval Kazakhstan] (Nauka, Almaty, 1999, 296 p.) [in Russian].
2. Bernshtam A.N. Istoriko-arheologicheskie ocherki. Central'nogo Tyan'-shanya i Pamiro-Altaya [Historical and archaeological essays Central Tien-shan and Pamir-Altai] MIA №26. – M.-L., 1952, 348 p. [In Russian]
3. Gumilev L.N. Drevnie tyurki [Ancient Turkic] (Nauka, Moscow, 1967, 504 p.) [in Russian].
4. Klyashtorny S.G. Stepnye imperii: rozhdenie, triumf, gibel' [Steppe empires: birth, triumph, death] (Faculty of Philology, St. Petersburg State University, St. Petersburg, 2005, 346 p.) [in Russian].
5. Kononov A.N. K etimologii etnonimov kypchak, kuman, kumyk [K etymological ethnonym Kipchak, Kuman, Kumyk], Ural-altaische Jahrbucher. Bd. 48. Wiesbaden, 1976, P. 156-166. [in Russian].
6. Zuev Yu.A. Rannie tyurki: ocherki istorii i ideologii [Early Turks: historical and ideological essays] (Dyke Press, Almaty, 2002, 338 p.) [In Russian]
7. Sartkozhauly K. Ob»edinennyj kaganat tyurkov v 745-760 godah [United Khaganate of the Turks in 745-760] (Foliant, Astana, 2002, 204 p.) [in Russian].
8. Savinov D.G. Narody yuzhnoj Sibiri v drevnetyurkskuyu epohu [The peoples of Southern Siberia in the ancient Turkic era] (Publishing house Leningrad State University, Leningrad, 1984. – 174 p.) [in Russian].
9. Azbelev P.P. Drevnie kyrgyzy. Ocherki istorii i arheologii [Ancient Kyrgyz. Essays on history and archeology] (<http://kronk.narod.ru/mono/mono.htm>, (accessed 28.06.2023).
10. Savinov D.G. Formirovanie i razvitie rannesrednevekovykh arheologicheskikh kul'tur YUzhnoj Sibiri [Formation and development of the early medieval archaeological cultures of Southern Siberia] (<http://kronk.narod.ru/library/savinov-dg-1987.htm>, (accessed 28.06.2023).

11. Grantovsky E.A. O vostochnoiranskikh plemenah kushanskogo areala // Central'naya Aziya v kushanskuyu epohu [On the Eastern Iranian tribes of the Kushan area // Central Asia in the Kushan era] (Nauka, Moscow, P.76-92) [in Russian].
12. Rudenko S.I. Kul'tura naseleniya Gornogo Altaya v skifskoe vremya [The culture of the population of Gorny Altai in the Scythian time] (Moscow-Leningrad, 1953, 402 p.) [in Russian].
13. Samashev Z., Mylnikov V. Derevoobrabotka u drevnih skotovodov Kazahskogo Altaya (materialy kompleksnogo analiza derevyannyh predmetov iz kurgana 11 mogil'nika Berel) [Woodworking among the ancient pastoralists of the Kazakh Altai (materials of a comprehensive analysis of wooden objects from mound 11 of the Berel burial ground)] (Berel, Almaty, 2004, 312 p.) [in Russian].
14. Grach A.D. Mogil'nik Sagly-Bazhi II i voprosy arheologii Tuvy skifskogo vremeni [Sagly-Bazhi II burial ground and issues of archeology of Tuva of the Scythian time] (1967, №3, P. 215-233) [in Russian].
15. Kiselev S.V. Drevnyaya istoriya yuzhnoj Sibiri [Ancient history of Southern Siberia] (Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR, Moscow, 1951, 643 p.) [in Russian].
16. Tolstov S.P. Drevnij Horezm. Opyt istoriko-arheologicheskogo issledovaniya [Ancient Khorezm. Experience of historical and archaeological research] (Moscow, 1948, 352 p.) [in Russian].
17. Semenov V. Suglug-Hem i Hajyrakan – mogil'niki skifskogo vremeni v Central'no-tuvinskoj kotlovine [Suglug-Khem and Khaiyrakan – cemeteries of the Scythian time in the Central Tuvan Basin] (Petersburg Oriental Studies, Saint Petersburg, 2003, 240 p. (Archaeologica Petropolitana, XV)) [in Russian].
18. Klyashtorny S.G. Istoriya Central'noj Azii i pamyatniki runicheskogo pis'ma [History of Central Asia and monuments of runic writing] (Saint Petersburg, 2003, 560 p.) [in Russian].
19. Klyashtorny S.G. Problemy rannej istorii plemeni tyrk (ashina) [Problems of the early history of the Turk (ashina) tribe] (New in Soviet archeology, № 130. 1965. P. 278-281) [in Russian].
20. Weinberg B.I., Novgorodova E.A. Zаметки о знаках и тамгах Монголии // Istoriya i kul'tura narodov Srednej Azii (drevnost' i srednie veka) [Notes on the signs and tamgas of Mongolia // History and culture of the peoples of Central Asia (antiquity and the Middle Ages)] (Moscow, 1976, P. 66-74) [in Russian].
21. Kuner N.V. Kitajskie izvestiya o narodah YUzhnoj Sibiri, Central'noj Azii i Dal'nego Vostoka [Chinese news about the peoples of South Siberia, Central Asia and the Far East] (Moscow, 1961, 391 p.) [in Russian].
22. Livshits V.A. Kushany: pis'mennost' i yazyk [Kushans: writing and language] (Moscow, 1974) [in Russian].
23. Mandelstam A.M. Proiskhozhdenie i rannyya istoriya kushan v svete arheologicheskikh dannyh [The origin and early history of the Kushans in the light of archaeological evidence] (Moscow, 1974) [in Russian].
24. Kryukov M.V., Perelomov L.S., Sofronov M.V., Cheboksarov N.N. Drevnie kitajcy v epohu centralizovannyh imperij [The ancient Chinese in the era of centralized empires] (The main editorial office of oriental literature of the publishing house «Nauka», Moscow, 1983, 416 p.) [in Russian].
25. Bichurin N. Ya. Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena [Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times] (M.-A., 1950, 470 p.) [in Russian].
26. Zeimal E.V. Kushanskaya hronologiya (materialy po probleme) [Kushan chronology (material by problem)] (Moscow, 1968, 186 p.) [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Қосыбаев Мирас Махмедұұлы – Ph.D., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Молдабай Талғат – Ph.D., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жиёмбай Бибігул Сәуірқызы – Ph.D., түркітану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kossybayev Miras Makhmedunovich – Ph.D., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Moldabay Talgat – Ph.D., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhiyembay Bibigul Saurovna – Ph.D., Associate Professor of the Department of Turkology of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.